

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мәлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

## *Күшін жойған*

Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2013 жылғы 12 қыркүйектегі № 17-151 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 3 қазанда № 3823 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2015 жылғы 19 тамыздағы № 38-327 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 19.08.2015 № 38-327 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

## РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Өлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларына сәйкес, Зеренді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

## *Сессия төрағасы*

ХАТИШЫ

## «КЕЛСІЛДІ»

## *міндеттерін аткаруышы*

Зеренлі

2013

Ж.Ахметжанов

А Удаңдық

K.Avgaliyev

## З е р е н д і ауданы әкімінің

Е.Жусіпбеков

ауданлық

ЖЫЛҒЫ

12

қыркүйектегі

## **Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары**

Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген, Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – облыстардағы, респубикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік м е р е к е күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган;

7) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын ауданның халықты әлеуметтік

корғау саласындағы атқарушы органы;

9) уәкілетті ұйым – «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Зеренде бөлімшесі;

10) участекелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшер.

2. Осы Қағидалар Зеренде ауданы аумағында және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында тұрақты тұратын адамдарға қолданылады.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы орган ақшалай нысанда мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне орай ұсынылатын көмекті атайды.

4. Әлеуметтік көмек «Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында және «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек ақшалай нысанда алушылардың шоттарына аудару жолымен екінші деңгейдегі банктер немесе жеке банктық операцияларды жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдар арқылы көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

7. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндердің тізбелері, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі:

- 1) 9 мамыр – Женіс күні (бір рет);
- 2) 26 сәуір – Чернобыль атом электростанциясының апатты жою күні (бір рет);
- 3) 15 ақпан – Ауғанстаннан әскерлерін шығару күні (бір рет);
- 4) 1 қазан – Қарттар күні (бір рет);
- 5) Мүгедектер күні – қазанның екінші жексенбісі (бір рет).

## **2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

8. Азаматтарды өмірлік қызын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мұналада:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;
- 2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;
- 3) жергілікті өкілді органдар ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негіздеме болып табылады.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді органдар бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

9. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі:

- 1) Ұлы Отан соғысына қатысуышылар және мүгедектері;
- 2) Женілдіктер және кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысуышыларға теңестірілген тұлғалар, олардың ішінде:

Ұлы Отан соғысы кезеңінде қалаларды қорғауға қатысқаны үшін, 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін алдыңғы қатардағы әскердің әскери қызметкерлері үшін белгіленген женілдік шарттарына сәйкес еңбек ету жылдарына сәйкес еңбек ету жылдары зейнетақы тағайындауға енген әскери қызметшілер, мұнымен қатар ішкі істер органдарының басшылықтағы және қатардағы құрамында, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалық Одақтастығы мемлекеттік қауіпсіздік органдарында болғандар;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде алдыңғы қатардағы әскер құрамына енетін әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған кеңес әскерінің Әскери-Теніз Флотының, ішкі істер органы мен әскерлерінің және бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалық Одағы мемлекеттік қауіпсіздік органдары құрамында, немесе осы кезең ішінде қалаларды қорғауға қатысқаны үшін, 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін, алдыңғы қатардағы әскердің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарына сәйкес еңбек ету жылдары зейнетақы тағайындауға енген ерікті түрде жалданған тұлғалар;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде әрекеттегі әскер мен флот құрамына полк ұлдары (тәрбиеленушілері) және юнга ретінде енген, бөлімдер, штаттар және мекемелер құрамында болған тұлғалар;

екінші дүниежүзілік соғыс жылдары фашистік Германияға және оның

одақтастарына қарсы шет елдер аумағында партизан отрядтары жасырын ұйым топтары және басқа да антифашистік құрылымдар құрамында әскери іс-әрекетке қатысадан

тұлғалар;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде әрекеттегі әскер мен флоттың, іс-қимылдағы майдан флоттардың мүддесіне сәйкес әскери жағдайға көшіріліп шұғыл аймақтарында, тыл шекарасы шеңберінде, мұнымен қатар Ұлы Отан соғысының басында іс-қимыл жасау үшін шетел айлақтарына (порттарына) жіберілген көлік флоты экипаждарының мүшелері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалық Одақтастығының жол қатынастары халықтық комиссариатының, халықтық байланыс комиссариатының, балық аулау және көліктік кемелердің жүзуші құрамдарының және авиацияның ұшу-көтерілу құрамдарының, балық өндірісі халықтық комиссариатының, Солтүстік теңіз жолы басшылығының теңіз және өзен флотының, ұшу-көтерілу құрамының арнайы жасақтарының қызметкерлері;

коршау кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, қаланың мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Құрсаудағы Ленинградтың тұрғыны» белгісімен марапатталған азаматтар;

екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер және олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа мәжбүрлеп ұстau орындарының кәмелетке

толмaghan

тұтқындары;

басқа мемлекеттер аумағында әскери іс-қимылдарға қатысушылар, атап айтқанда бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалық Одақтастығы үкіметтік органдарының шешімімен басқа мемлекеттер аумағында әскери іс-әрекет қимылдарына қатысқан кеңес әскерінің, әскери Теңіз Флотының мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің, Кеңестік Социалистік Республикалық Одақтастығы ішкі істер министрлігінің қатардағы және басшылықтағы (әскери мамандарды және кеңесшілерді қоса) әскери қызметшілері, әскери жиынға шақырылып, әскери іс-қимыл кезеңінде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; Ауғанстанға әскери іс-қимыл жүргізу үшін осы елге жүктер тасуға жіберілген автомобиль батальонының жүргізушілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалық Одақтастығы аумағынан Ауғанстанға әскери тапсырма орындауға ұшқан ұшу құрамының әскери қызметкерлері; Ауғанстанда кеңестік әскери контингентте қызмет көрсеткен, осы жерде жарақат, жарымжандық және мертігуіне шалынған немесе әскери іс-қимылдарды қамтамасыз етуге қатысып бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалық Одақтастығының ордендері мен медальдарымен марапатталған

қызметкерлер

мен

қызметшілер;

Чернобыль атом электростанциясында 1986-1987 жылдары болған апат салдарын, басқа да азаматтық және әскери объектілердегі аймақтық зілзала апаттарын қалпына келтіруге, мұнымен қатар ядролық сынақтарға және

жаттығуларға тікелей қатысадан тұлғалар;

3) Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне женілдіктер мен кепілдіктері бойынша теңелген тұлғалар, олардың ішінде:

бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалық Одақтастығы қорғау кезінде, әскери қызметтің басқа да міндеттерін орындау барысында, әскери іс-әрекеттерге жүргізілген, майданда болуына байланысты науқас салдарының басқа да кезеңдерінде Ауғанстанда және басқа мемлекеттерге әскери қызметтерін өтеу кезінде жарақат алу жарымжандық, мертігуіне байланысты мүгедек болған әскери

қызметкерлер;

әскери қызметтің басқа да міндеттерін орындау барысында, майданда болуына байланысты науқас салдарының басқа да кезеңдерінде немесе әскери іс-әрекеттер жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін өтеу кезінде жарақат алу, жарымжандық, мертігуіне байланысты мүгедек болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалық Одақтастығы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшылықтағы және қатардағы құрамдағы тұлғалары;

1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украина Кеңестік Социалистік Республикалық, Беларусь Кеңестік Социалистік Республикасы, Литва Кеңестік Социалистік Республикасы, Латвия Кеңестік Социалистік Республикасы, Эстония Кеңестік Социалистік Республикасы аумағында іс-әрекет жасаған истребительдік батальондардың, халықты қорғау взводтарымен отрядтарында болып, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерін атқару барысында алынған жарақаттарынан, жарымжандылықтарынан, мертігуге шалдығуына байланысты мүгедек болған жауынгерлер және басқарушылық құрамда болған тұлғалар; басқа мемлекеттерде іс-әрекет жасаушы әскери контингеттерге қызмет көрсетіп, әскери іс-әрекет кезеңінде алынған жарақаттар жарымжандылық, мертігу немесе науқас салдарынан мүгедек болған мүгедек қызметкерлер мен қызмет көрсетушілер;

Чернобыль атом электростанциясында болған апат және басқа да азаматтық және әскери бағыттағы объектілерде орын алған радиациялық зілзала және апат, ядролық қаруды сынақтан өткізу салдарынан мүгедек болған тұлғалар және ата-аналарының біреуі радиациялық сәуле алуына байланысты, генетикалық тұрғыдан дәлелденген олардың балалары;

4) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғыс ардагерлеріне теңестірілген басқа да санаттағы тұлғалар:

қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары, атап айтқанда:

- бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалық Одақтастығын қорғау кезеңде әскери қызметтің басқа да міндеттерін орындау кезінде (қызметтік міндеттер) немесе майданда болуына байланысты науқас салдарынан қайтыс болған (із-түссіз жоғалған) немесе жарақат, жарымжандық немесе мертігу

нәтижесінде қаза болған әскери қызметкерлердің, партизандардың, жасырын үйым мүшелерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушылардың және мүгедектерінің, женілдіктер және кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушылар мүгедектерінің отбасылары; Ұлы Отан соғысында жергілікті әуе шабуылының қорғанудың апattyқ командасы және объектілерді ерікті қорғау тобы жеке құрылымынан мерт болғандардың отбасылары; Ленинград қаласының госпитальдары мен ауруханаларында қайтыс болған қызметшілердің отбасылары ; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалық Одақтастығы қорғаныс министрлігі, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарымен шақырылып, қоғамға қарсы әрекеттерімен байланысты орын алған төтенше жағдайлар барысында қоғамдық тәртіп міндеттерін атқару кезінде қайтыс болған (қаза болған) басшылықтағы және қатардағы әскери қызметкерлердің отбасылары; әскери іс-әрекеттер жүргізілген Ауғанстанда және басқа да мемлекеттерде әскери іс-әрекеттер барысында қаза болған (із-түссіз жоғалған) жаракаттарынан, жарымжандылығынан, мертігіүінен, науқастан қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары; бейбіт күндері әскери қызметін өтеу кезінде қайтыс (мерт) болған әскери қызметшілердің отбасылары; Чернобыль атом электростанциясы және басқа да азаматтық және әскери бағыттағы объектілердегі радиациялық зілзалалар және апаттар салдарынан қалыпқа келтіру кезінде қайтыс болған тұлғалардың отбасылары; Чернобыль атом электростанциясы және басқа да азаматтық және әскери бағыттағы объектілердегі радиациялық зілзалалар және ядролық сынақтардың әсерінен қайтыс болғаны белгілі болған жандардың, мұнымен қатар ядролық сәуле салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің отбасылары; женілдіктер құқығы берілетін отбасы мүшелеріне жататындар: қаза болған (із-түссіз жоғалған, қайтыс болған) тұлғаның балалары мен қарауындағы жандарға асыраушысынан айрылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар; ата-аналары; ері (зайыбы) қайта некеге тұрмаған жағдайда;

қайтыс болған соғыс ардагерлерінің және оларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), мұнымен қатар қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, жасырын үйымда болғандардың әйелдері (күйеулері), «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «құрсаудағы Ленинградтың тұрғыны» белгісімен марапатталған, жалпы науқас нәтижесі бойынша, еңбекке және басқа себептермен (занға қарсы келмейтін жағдайларда), қайтадан некеге тұрман

азаматтараЛ

Ұлы Отан соғысы жылдарында Ерен еңбегі және тылдағы мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалық Одақтастығы ордендері және медальдарымен марапатталған тұлғалар, 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына дейінгі кезеңде алты айдан кем емес

мерзімде жұмыс жасаған (қызмет атқарған) және Ұлы Отан соғысы жылдарында Ерен еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалық Одақтастығы ордендерімен, медальдарымен марапатталмаған тұлғалар, мұнымен қатар 1988-1989 жылдары Чернобыль атом электростанциясы апатты қалыпқа келтіруге қатысуышылар, Қазақстан Республикасына көшірілген (өз еркінше келген) көшірілетін күні шешелерінің құрсағында болған балаларын қоса

есептегендегі

тұлғалар;

соғыс іс-әрекеттері жүргізілген Ауғанстанға 1979 жылдың 1 желтоқсанынан 1989 жылдың желтоқсанына дейін және басқа мемлекеттерге жұмысқа жіберілген қызметкерлер мен жұмысшылар;

Ауғанстан аумағында уақытша болып, кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінен кірмеген бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалық Одақтастығы Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің қызметкерлері мен жұмысшылары;

5) Қазақстан Республикасының алдында ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға, зейнетақылық жастағы, оның ішінде зейнеткер тұлғалар төменгі мөлшерде зейнетақы алатын зейнеткерлер;

6) мүгедектер, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар;

7) саяси құғын-сүргін құрбандарына, саяси құғын-сүргіннен зардап шеккен тұлғаларға;

8) көп балалы отбасыларға, олардың ішінде:

«Алтын алқа», «Күміс алқа», I-II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған немесе бұрын «Батыр-Ана» атағын алған көпбалалы аналар;

төрт және одан көпбалалары бар көпбалалы отбасылар;

9) селолық жерлерде тұратын аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың стүдент балалары;

10) аз қамтылған азаматтар;

11) әлеуметтік маңызды ауруларға шалдыққан азаматтар: ісік аурулары және туберкулез ауруына шалдыққандар;

12) өрт және табиғи апаттар салдарынан өмірлік қын жағдайға таба болған азаматтарға;

13) күйзеліс жағдайда жан басына шаққандағы орташа табыстағы ең төмен күнкөрістегі азаматтарға.

10. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

11. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін әрбір арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі турали қорытындыда көрсетеді.

12. Әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру

мерзімдері:

кірісті ескеру сезі:

1) шұғыл немесе төтенше жағдайлар - қауіпті табиғи апаттар, өрт және материалдық шығын келтірген басқа да бақытсыздық жағдайлар өтінішке сәйкес материалдық шығынға, өрт немесе су тасқынына ұшыраған тұлғаға төтенше жағдай анықтамасы бойынша 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір рет беріледі. Өтініш білдіру мерзімі 6 ай;

2) әлеуметтік маңызды науқастары бар азаматтарға, құрт ауруымен туберкулезben ауыратын азаматтарға (фтизиатр анықтамасы) негізінде, ісік ауруына шалдығып ісіктік стационар жағдайында арнайы емделіп жатқан азаматтарға науқас тарихы үзіндісі негізінде 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір рет жасалады;

күнкөріс мөлшері дейінгі кірісті ескеру мен:

3) ұсынылған азаматтар санатына әлеуметтік көмек күйзеліс (шұғыл) жағдайда 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір рет көрсету;

материалдық көмек отбасыларға (азаматтарға) төмендегідей жағдайларда жасалын:

жедел түрде ем алудың байланысты медициналық мекемеден сырқаты туралы кітапшасынан алынған көшірмесі негізінде бір рет 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген қолемінің шеңберінде амбулаториялық денгейде белгілі бір аурулары (жай-куйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулықты сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 4 қарашадағы № 786 бұйрығымен бекітілген тізілімге енгізілмеген дәрі-дәрмектерді сатып алғандары үшін Дәрігерлік-кеңестік комиссиясының қорытындысы бойынша бір рет 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) селолық жерлерде тұратын, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың студент балаларына, колледждің күндізгі бөлімінде оқығанына жылына бір рет облыстық бюджеттен бөлінетін трансфертер есебінен, оқу акысы мөлшерінде оқу орнын растайтын анықтама, оқу келісімінің көшірмесі, көпбалалы отбасы құзырын растайтын анықтама негіздеме оқуақы төлемі мөлшерінде жасалады;

5) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мугедектеріне және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңелдірілгендерге, 18 жасқа дейінгі балалары бар көпбалалы отбасыларға Қазақстан Республикасының «Телерадио хабарларын тарату туралы» 2012 жылдың 18 қаңтарындағы Занының 42 бабының 9

тармағына сәйкес теледидар абоненттік жабдықпен (приставка) қамтамасыздандыру үшін жабдықтың тұратын құны мөлшерінде, бір рет;

6) Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызмет төлем жасау шығындары бойынша, оның ішінде ай сайын облыстық бюджеттен бөлінетін ағымдағы мақсатты трансфертер есебінен 100 пайыз мөлшерінде :

коммуналдық қызмет жасау шығындарын өтеу үшін коммуналдық қызмет шығындары мөлшерінде ;

от жағу маусымында қатты отын алуға 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

байланыс қызметіне абоненттік төлем мөлшерінде; газбен қамтамасыздандыру, ай сайын өтеу күні ауданда қалыптасқан орташа статистикалық бағалар бойынша айна бір баллонның құны мөлшерінде.

### **3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

13. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті үйымның не езге де үйымдардың ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы органдармен бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

14. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;  
2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;  
3) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы тұралы мәліметтерді;

4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;  
5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты үсінады .

15. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтада .

16. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

17. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының)

материалдың жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындауды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

18. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

19. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

20. Уәкілетті орган участекелік комиссиядан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

21. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

22. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту т у р а л ы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

Осы Қағидалардың 18 және 19-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

23. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негізdemесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

24. Белгіленген негізdemелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

25. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;  
 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

26. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру ауданың бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

27. Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызмет төлем жасау шығындары жеке тұлғаның (алушының) жазбаша өтініші және ұсынылған құжаттар негізінде алушының жеке шоты немесе қызмет көрсетушінің шотына аудару арқылы төлем жасалады. Ұлы Отан соғысына қатысушы пайдаланып жүрген женілдіктер, оның пайдалану мерзімі кезеңі ішінде онымен бірге тұратын немесе тіркелген жандарға да осы әлеуметтік көмек түрі көрсетіледі.

#### **4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер**

28. Әлеуметтік көмек:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы Зеренді ауданының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

29. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

#### **5. Қорытынды ереже**

30. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган «Е-Собес» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дереккорын пайдалана отырып жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының

тізбесін айқындау  
қағидаларына  
1-қосымша  
Отбасының тіркелген нөмірі \_\_\_\_\_  
Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(өтініш берушінің А.Т.Ж.) (тұратын мекен-жайы, тел.)

№ к/б	Отбасы мүшелерінің А.Т.Ж.	Отініш берушіге туыстық катысы	Тұған жылы

Отініш берушінің қолтаңбасы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_  
Отбасы кұрамы туралы  
мәліметтерді растауға  
өкіле тті оған наң  
лауазымды тұлғасының А.Т.Ж. \_\_\_\_\_  
(қолтаңбасы)  
Әлеуметтік көмек көрсетудің,  
оның мөлшерлерін белгілеудің  
және мұқтаж азаматтардың  
жекелеген санаттарының  
тізбесін айқындау  
қағидаларына  
2-қосымша

**Өмірлік қызың жағдайдың туындауына байланысты адамның  
(отбасының) мұқтаждығының айқындауға арналған тексеру  
АКТІСІ**

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

2. Тұратын мекенжайы \_\_\_\_\_

3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған  
өмірлік қызын жағдай

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) \_\_\_\_\_  
адам, оның ішінде:

P/c №	Т.А.Ә.	Тұған күні	Отініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, окуорны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірлік киын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы \_\_\_\_\_ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері \_\_\_\_\_

адам.

Балалардың саны: \_\_\_\_\_

жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар \_\_\_\_\_  
адам, оқу құны жылдан ----- теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек) \_\_\_\_\_

—

5. Өмір сұру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше — көрсету керек):

Тұрғын үйді ұстауда арналған шығыстар:

---



---



---

Отбасының табысы:

P/c №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Откен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)		Жеке қосалқы шаруашылық (aulada участке, малы және құсы), саяжай жә жер участкесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			тоқсанға	орталық есеппен айна	

6 . М ы н а л а р д ың :  
автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны  
пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

қазіргі уақытта өздері тұрып  
жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен  
мәлімделген табыс)

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

9. Балалардың мектеп керек-жарагымен, киіммен, аяқ киіммен  
қамтамасыз етілуі

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы

К о м и с с и я т ө р ағ а с ы :

К о м и с с и я м ү ш е л е р і :

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым:

Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын \_\_\_\_\_ өтініш  
берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы, күні

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Әлеуметтік	көмек	көрсетудің,
оның	мөлшерлерін	белгілеудің
және	мұқташ	азаматтардың
жекелеген	санаттарының	
тізбесін	айқындау	
қағида сына		
3-қосымша		

## Участкелік комиссияның № \_\_\_\_\_ қорытындысы

20    ж.

Участекелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты) өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы) адамға (отбасыға) өмірлік қын жағдайдағы түндаудына байланысты әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады.

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

---

---

---

(қолдары) (Т.А.Ә.)

(T.A.Θ.)

## К о р ы т ы н д ы

қоса берілген құжаттармен — данада

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ қабылданды

Күжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық округ әкімі уәкілдегі орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК